

**"Қазақстан Республикасының Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға қосылу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 327 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға қосылуы туралы**

**Қ А У Л Ы                      Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасы Римде 1951 жылғы 6 желтоқсанда қол қойылған Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға қ о с ы л с ы н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н. Назарбаев*

**ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ**

**Мазмұны**

**К І Р І С П Е**

**І** **Б    А    П**

**Мақсат және міндеттемелер**

**І    І** **Б    А    П**

**Терминдерді қолдану**

**І    І    І** **Б    А    П**

**Басқа халықаралық келісімдерге қатынас**

|  |   |   |   |
|--|---|---|---|
| I V  | Б | А | П |
| Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұлттық ұйымға қатысты ұйымдастыру іс-шаралары бойынша жалпы ережелер |   |   |   |
| V  | Б | А | П |
| Фитосанитариялық сертификаттау   |   |   |   |
| V I  | Б | А | П |
| Реттелетін зиянды организмдер  |   |   |   |
| V I I  | Б | А | П |
| Әкелінетін жүктерге қатысты қойылатын талаптар   |   |   |   |
| V I I I  | Б | А | П |
| Халықаралық ынтымақтастық  |   |   |   |
| I X  | Б | А | П |
| Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі өңірлік ұйымдар  |   |   |   |
| X  | Б | А | П |
| Стандарттар  |   |   |   |
| X I  | Б | А | П |
| Фитосанитариялық шаралар жөніндегі комиссия  |   |   |   |
| X I I  | Б | А | П |
| Хатшылық   |   |   |   |
| X I I I  | Б | А | П |
| Дауларды шешу  |   |   |   |
| X I V  | Б | А | П |
| Бұрынғы келісімдерді ауыстыру  |   |   |   |
| X V  | Б | А | П |
| Аумақтық қолдану   |   |   |   |
| X V I  | Б | А | П |
| Қосымша келісімдер   |   |   |   |
| X V I I  | Б | А | П |
| Ратификациялау және қосылу   |   |   |   |
| X V I I I  | Б | А | П |
| Уағдаласушы болып табылмайтын тараптар   |   |   |   |
| X I X  | Б | А | П |
| Тілдер   |   |   |   |
| X X  | Б | А | П |
| Техникалық көмек   |   |   |   |
| X X I  | Б | А | П |
| Түзетулер  |   |   |   |
| X X I I  | Б | А | П |
| Күшіне енуі  |   |   |   |



барлық талаптарын орындау үшін өзіне жауапкершілік алады.

3. ФАО мүшелері болып табылатын ұйымдар мен уағдаласушы Тараптар болып табылатын оларға мүше мемлекеттер арасында осы Конвенцияның талаптарын орындау жөніндегі міндеттерді бөлу олардың құзыретіне сәйкес болуы тиіс.

4. Қажет болған жағдайларда уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияның ережелерін өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімнен басқа, қоймаларға, буып-түю орамдарына, көлік құралдарына, контейнерлерге, топыраққа және зиянды организмдер тасалануға немесе олардың таралуына ықпал ететін қолайлы орын болатын кез келген басқа да организмге, объектіге немесе материалға, әсіресе халықаралық тасымал істеріне қатысты жағдайларда қолданылатын ереже ретінде қарауы мүмкін.

## II БАП

### Терминдерді қолдану

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін мына терминдердің төменде м а з м ұ н д а л ғ а н д а й м а ғ ы н а с ы б а р :

«Зиянды организмнің шектеулі таралу кеңістігі» - құзыретті органдар белгілеген, ерекше зиянды организм шектеулі таралған және оны бақылау, оған қарсы күрес және жою жөнінде тиімді шаралар қолданылатын аймақ, елдің бүкіл аумағы, елдің бір бөлігі немесе бүкіл ел немесе бірнеше елдің бір бөлігі;

«Комиссия» - IX бапқа сәйкес құрылған Фитосанитариялық шаралар жөніндегі к о м и с с и я ;

«Қауіп төнген аймақ (ареал)» - зиянды организмнің осы өңірде болуы елеулі экономикалық шығынға ұшырататын, экологиялық факторлары оның көндігуіне қ о л а й л ы а й м а қ ( а р е а л ) ;

«Көндігу» - зиянды организмнің аймаққа (ареалға) кіруінен кейін оның жақын болашақта ұ з а қ у а қ ы т қ а о р н ы ғ у ы ;

«Үйлесімді фитосанитариялық шаралар» - ӨКҚХК уағдаласушы Тараптар қабылдаған және халықаралық стандарттарға негізделген фитосанитариялық шаралар;

«Халықаралық стандарттар» - ӨКҚХК X бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес әзірленген х а л ы қ а р а л ы қ с т а н д а р т т а р ;

«Жерсіну» - зиянды организмнің оның көндігуімен бірге жүретін кірігуі;

«Зиянды организм» - өсімдіктерге немесе өсімдік өнімдеріне зиянды өсімдіктердің, жануарлардың немесе патогендік агенттердің кез келген түрі, әр түрі немесе биотипі;

«Фитосанитариялық тәуекелді талдау» - зиянды организмді реттеудің қажеттігін және оған қарсы қолданылатын фитосанитариялық шаралардың қатандығын анықтау мақсатында биологиялық немесе басқа да ғылыми және экономикалық деректерді т а л д а у п р о ц е с і ;

«Фитосанитариялық шаралар» - зиянды организмдердің жерсінуін және/немесе

таралуын болдырмауға немесе реттелетін карантиндік емес зиянды организмдерден болатын экономикалық залалды шектеуге бағытталған заңнама, регламенттеу немесе  
р е с м и р ә с і м ;

«Өсімдік өнімі» - өсімдік (астықты қоса алғанда) өңделмеген материал, сондай-ақ өзінің жаратылысы бойынша немесе өзінің өңделу тәсілі бойынша зиянды организмдердің жерсіну және таралу қаупін төндіре алатын өңделген өнімдер;

«Өсімдіктер» - тұқымдар мен генетикалық материалды қоса алғанда, тірі өсімдіктер  
м е н о л а р д ы ң б ө л і к т е р і ;

«Карантинді зиянды организм» - өзі әзірше кірмеген немесе кірсе де шектеулі ғана таралған қауіп төнген аймақ үшін әлеуетті экономикалық маңызы бар және ресми күрес жүргізу объектісі болатын зиянды организм;

«Өңірлік стандарттар» - өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі өңірлік ұйым мүшелері басшылыққа алуы үшін осы ұйым белгілеген стандарттар;

«Карантинге жатқызылған материалдар» - зиянды организмдердің тасалану орны болуға қабілетті немесе олардың таралуына ықпал ететін, әсіресе халықаралық тасымал істеріне қатысты жағдайларда оларға қатысты фитосанитариялық шаралар қолданылу қажет кез келген өсімдік, өсімдік өнімі, қоймалау орны, буып-түю орамы, көлік құралы, контейнер, топырақ және кез келген басқа да организм, объект немесе материал;

«Реттелетін карантиндік емес зиянды организм» - егу және отырғызу материалдарында болуы мұндай өсімдіктердің болжамды пайдаланылуына экономикалық қолайсыз әсер ететін карантиндік емес зиянды организм және оның салдарынан импорттаушы уағдаласушы Тараптың аумағында реттеледі;

«Реттелетін зиянды организм» - карантиндік зиянды организм немесе реттелетін карантиндік емес зиянды организм;

«Хатшы» - XII бапқа сәйкес тағайындалатын Комиссия Хатшысы;

«Ғылыми негізделген» - фитосанитариялық тәуекелді тиісті талдаудың нәтижесінде немесе, егер қолайлы болса, қолда бар басқа ғылыми ақпаратты салыстыру және зерттеу негізінде алынған қорытындылар негізінде расталған.

2. Осы бапта мазмұндалған, қолданылуы осы Конвенциямен шектелген анықтамалар уағдаласушы Тараптардың ішкі ережелеріне немесе заңнамаларына сәйкес қабылданған анықтамаларына ықпал етпеуі тиіс.

### **III БАП**

#### **Басқа халықаралық келісімдерге қатынас**

Осы Конвенцияның ешбір ережесі уағдаласушы Тараптар жасасқан басқа халықаралық келісімдерден туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## IV БАП

### Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұлттық ұйымға қатысты ұйымдастыру іс-шаралары бойынша жалпы ережелер

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өздерінің мүмкіндіктеріне қарай осы Бапқа сәйкес негізгі міндеттемелері бар өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйым құруды қамтамасыз етуі тиіс.

2. Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйымның міндеттеріне мыналар жатады:

а) импорттайтын уағдаласушы Тараптың фитосанитариялық ережелеріне сәйкес өсімдіктердің, өсімдік өнімінің және басқа да карантинге жатқызылған материалдардың жүктеріне сертификаттар беру;

б) дақыл өсіру аймақтарындағы өсімдіктерді (егістік жерлерді, плантацияларды, көшеттіктерді, бақтарды, жылыжайлар мен зертханаларды қоса алғанда), жабайы флораны да, сондай-ақ сақтаулы тұрған немесе тасымалданатын өсімдіктер мен өсімдік өнімін де, атап айтқанда зиянды организмдердің ұшырасуы, жаппай көбеюі мен таралуы, сондай-ақ мұндай зиянды организмдерге қарсы күрес туралы, VIII баптың 1 (а) тармақшасына сәйкес хабардар етуге арналған ақпаратты қоса алғанда ақпараттандыру мақсатында тозаңдану кезеңінде зерттеу;

в) ең бастысы, зиянды организмдердің жерсінуін және/немесе таралуын болдырмау мақсатында халықаралық қатынастарда тасымалданатын өсімдіктер мен өсімдік өнімдерінің жүктерін және бұл орынды болған жағдайларда карантинге жатқызылған басқа да материалдарды қарап тексеру;

г) халықаралық қатынастарда тасымалданатын өсімдіктер, өсімдік өнімі жүктері мен карантинге жатқызылған материалдардың фитосанитариялық талаптарға сәйкес болуы үшін оларды дезинсекциялауды және дезинфекциялауды жүргізу;

д) қауіп төнген аймақтарды қорғау, зиянды организмдерден таза аймақтарды және зиянды организмдермен залалдануы темен деңгейдегі аймақтарды анықтау, сақтау және зерттеу;

е) фитосанитариялық тәуекелге талдау жасау;

ж) жүктердің құрамына, ауыстырылуына және қайталап залалдануына қатысты сертификатталғаннан кейін және экспортқа жіберілетін сәтке дейін тиісті рәсімдер арқылы олардың фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

з) оқыту және штат санымен қамтамасыз ету.

3. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өздерінің мүмкіндіктеріне қарай мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

а) Уағдаласушы Тараптың аумағында реттелетін зиянды организмдер және олардың әкелінуінің алдын алу және оларға қарсы күрес туралы ақпарат тарату;

б) өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

в) фитосанитариялық ережелерді баспадан шығару;  
г) осы Конвенцияны орындау үшін қажетті болуы мүмкін басқа да осындай функцияларды жүзеге асыру.

4. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өзінің өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйымы туралы мәліметтерді Хатшыға жолдауы тиіс және оған бұл ұйымдағы барлық өзгерістер туралы хабардар етеді. Уағдаласушы Тарап басқа уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша ұйымның өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі жүргізген іс-шаралары туралы мәліметтер береді.

## V БАП

### Фитосанитариялық сертификаттау

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы экспортталатын өсімдік, өсімдік өнімі және басқа да карантинге жатқызылған материалдар мен жүктер осы Баптың 2 (б) тармағына сәйкес сертификаттағы жазуға сәйкес болуын қамтамасыз ету мақсатында фитосанитариялық сертификаттауды жүргізу жөніндегі шараларды қабылдауы тиіс.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы мынадай ережелерге сәйкес фитосанитариялық сертификаттар беруге бағытталған шараларды қабылдауы тиіс:

а) фитосанитариялық сертификаттар беруге байланысты тексеру және басқа да іс-шараларды тек өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйым ғана жүргізуі тиіс немесе соның басшылығымен ғана жүргізілуі тиіс. Фитосанитариялық сертификаттарды білікті және өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйымның атынан және оның бақылауымен іс-әрекет етуге уәкілеттілік берілген мемлекеттік лауазымды адамдар беруі тиіс, бұл адамдар импорттаушы уағдаласушы Тараптардың әкімшілік органдары мұндай фитосанитариялық сертификаттарды сенімді құжаттар ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін білім мен ақпаратқа ие болуы шарт;

б) фитосанитариялық сертификаттар немесе олардың көшірмелері, оларды мүдделі импорттаушы уағдаласушы Тарап қабылдайтын орында осы Конвенцияға Қосымшада берілген үлгіге сәйкес болуы тиіс. Бұл сертификаттар тиісті халықаралық стандарттарды ескере отырып толтырылуы және берілуі тиіс;

в) расталмаған өзгерістер немесе түзетулер сертификаттың күшін жояды.

3. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағына импортталатын өсімдіктер немесе өсімдік өнімінің немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдардың жүктеріне осы Конвенцияға Қосымшада берілген тиісті үлгілерге сәйкес келмейтін фитосанитариялық сертификаттар қоса берілуін талап етпеуге міндеттеледі. Кез келген қосымша декларациялар талап ету ғылыми негізделген және мейлінше аз болуы тиіс.

## **VI БАП**

### **Реттелетін зиянды организмдер**

1. Уағдаласушы Тараптар карантиндік зиянды организмдер мен реттелетін карантиндік емес зиянды организмдерге қатысты фитосанитариялық шаралар қабылдауды талап ете алады, ол үшін бұл шаралар:

а) импорттаушы уағдаласушы Тараптың аумағында бар дәл осындай зиянды организмдерге қолданылатын шараларға қарағанда қатаңырақ болмаса;

б) өсімдіктердің саулығын қорғау үшін қажетті деңгейге дейін шектелген және/немесе оларды мақсатқа сай қауіпсіз қолдануға кепілдік беретін және мүдделі уағдаласушы тарап негізді деп қабылдай алатын болса.

2. Уағдаласушы Тараптар реттелмейтін зиянды организмдерге қатысты фитосанитариялық шаралар қабылдауды талап етпейді.

## **VII БАП**

### **Әкелінетін жүктерге қатысты қойылатын талаптар**

1. Уағдаласушы Тараптардың реттелетін зиянды организмдердің өз аумақтарына әкелінуін және/немесе таралуын болдырмау мақсатында тиісті халықаралық келісімдерге сәйкес өсімдіктердің, өсімдік өнімінің және басқа да карантинге жатқызылған материалдардың әкелінуін регламенттеуге егеменді құқығы бар және осы мақсатта олар:

а) өсімдіктердің, өсімдік өнімінің және басқа да карантинге жатқызылған материалдардың әкелінуіне қатысты, мысалы, қарауды, импортқа тыйым салуды немесе өңдеу жүргізуді қоса алғанда, фитосанитариялық шаралар белгілеуі және қабылдауы ;

б) уағдаласушы Тараптың аумағынан (а) тармақшасына сәйкес белгіленген немесе қабылданған фитосанитариялық өлшемдерге жауап бермейтін өсімдіктерді, өсімдік өнімін және басқа да карантинге жатқызылған материалдарды немесе жүктерді әкелуге рұқсат беруден бас тартуы немесе тоқтатуы немесе өңдеу жүргізілуін талап етуі, жоюы немесе алып қоюы ;

в) реттелетін зиянды организмдердің өз аумақтарына әкелінуіне тыйым салуы немесе шектеуі ;

г) өз аумақтары үшін фитосанитариялық маңызы бар биологиялық күреске арналған агенттердің және басқа да пайдалы организмдердің әкелінуіне тыйым салуы немесе шектеуі мүмкін .

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы халықаралық саудаға араласуды мейлінше азайтуды мақсат ете отырып, осы Баптың 1-тармағына сәйкес өз билігін қолданып, мыналарға сәйкес әрекет етуге міндеттенеді:



а) уағдаласушы Тараптар өздерінің фитосанитариялық ережелеріне сәйкес осы Баптың 1-тармағында көрсетілген шаралар қажет болып саналмаса және фитосанитариялық тұрғыдан ғылыми негізделген болмаса оларды қабылдамайды;

б) уағдаласушы тараптар фитосанитариялық талаптарды, шектеулерді және тыйым салуды бекіткеннен кейін жариялайды және өз пікірлері бойынша тікелей мүдделі деп таныған кез келген уағдаласушы Тарапқа немесе тараптарға жолдайды;

в) кез келген уағдаласушы Тараптың сұрау салуына жауап ретінде уағдаласушы Тараптар оларға өздерінің фитосанитариялық талаптарын, шектеулерін және тыйым салуын жолдайды;

г) егер уағдаласушы Тарап жекелеген өсімдіктердің немесе өсімдік өнімдерінің жүктері белгілі бір әкелу пункттері арқылы ғана әкелінуін талап етсе, мұндай әкелу пункттері, аса қажетті болмаса халықаралық саудаға қиындық келтірмейтіндей етіп таңдалуы тиіс. Мұны уағдаласушы Тарап осындай әкелу пункттерінің тізімін жариялап Хатшыны, осы уағдаласушы Тарап мүше болып табылатын өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі кез келген ұйымды, басқа да барлық тікелей мүдделі уағдаласушы Тараптарды хабардар етуі немесе олардың сұрау салуына жауап қайтаруы тиіс. Егер өсімдіктерге, өсімдік өніміне немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдарға фитосанитариялық сертификаттар қоса берілуі талап етілмейтін болса немесе олар қаралып немесе өңдеуден өтпесе әкелу пункттеріне байланысты мұндай шектеулер қойылмайды;

д) импортқа ұсынылған өсімдіктердің, өсімдік өнімдерінің немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдардың бүлініп кетуі мүмкін екендігін назарға ала отырып, олардың жүктеріне уағдаласушы Тараптың өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымы талап еткен кез келген қарау немесе басқа да фитосанитариялық рәсімдер мүмкіндігінше жедел атқарылуы тиіс;

е) импорттаушы уағдаласушы Тараптар мүмкіндігінше қысқа мерзімде экспорттаушының мүдделі уағдаласушы Тарабын немесе кері экспорттаушы уағдаласушы Тарапты фитосанитариялық сертификатпен сәйкес келмеудің маңызды жағдайлары туралы хабардар етуі тиіс. Мүдделі экспорттаушы уағдаласушы Тарап немесе егер сәйкес болса, кері экспорттаушы уағдаласушы Тарап тексеріс жүргізіп оның нәтижесін мүдделі импорттаушы уағдаласушы Тараптың сұрау салуына жауап ретінде хабардар етуі тиіс;

ж) уағдаласушы Тараптар тек ғылыми негізделген және фитосанитариялық тәуекелге үйлесімді және халықаралық тасымалда адамдарды, жүктерді және көлік құралдарын тасымалдауға мейлінше аз кедергі келтіретіндей ғана шектеулер қоятын фитосанитариялық шараларды белгілейтін болады;

з) уағдаласушы Тараптар жағдайдың өзгеруіне және жана факторлар пайда болуына байланысты фитосанитариялық шаралар бөлігінде тез өзгерістер енгізуі немесе олар қажетті деп танылмаған болса күшін жоюы тиіс;

и) уағдаласушы Тараптар өздерінің мүмкіндіктеріне қарай реттелетін зиянды организмдердің ғылыми атауын пайдаланып тізімін жасап және жаңартып, бұл тізімдерді Хатшыға, өздері мүше болып табылатын өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі өңірлік ұйымға және басқа да уағдаласушы Тараптардың сұрау салуына жауап ретінде хабарлап отыруы тиіс;

к) уағдаласушы Тараптар өздерінің мүмкіндіктеріне қарай зиянды организмдер жөнінде бақылау жүргізуі, зиянды организмдерді санаттарға бөлуді негіздеу мақсатында, сондай-ақ тиісті фитосанитариялық шаралар әзірлеу үшін олардың мәртебесі туралы тиісті ақпарат әзірлеуге және жүргізуге тиіс. Осы ақпарат уағдаласушы Тараптарға олардың сұрау салуы бойынша беріледі.

3. Уағдаласушы Тарап өз аумағында орнығып қалуға қабілетсіз болса да, әкелінсе экономикалық шығынға себепкер бола алатын зиянды организмдерге қатысты осы Бапта көрсетілген шараларды қабылдауы мүмкін. Мұндай зиянды организмдерге қарсы қолданылатын шаралар ғылыми негізделген болуы тиіс.

4. Уағдаласушы Тараптар өз аумағы арқылы транзитпен тасылатын жүктерге осы Бапта көрсетілген шараларды олар ғылыми негізделген және зиянды организмдердің әкелінуін және/немесе таралуын болдырмау үшін қажет болған жағдайда ғана қ а б ы л д а й а л а д ы .

5. Осы баптың ережелері тиісті кепілдіктер сақталған жағдайда ғылыми-зерттеу, білім беру немесе басқа да белгілі бір мақсаттар үшін өсімдіктерді, өсімдік өнімін және басқа да карантинге жатқызылған материалдарды, сондай-ақ зиянды организмдердің үлгілерін әкелуге қатысты уағдаласушы Тараптардың арнайы ережелер белгілеуіне к е д е р г і б о л м а й д ы .

6. Осы баптың ережелері уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының аумағы үшін әлеуетті қауіп төндіре алатын зиянды организм анықталған жағдайда немесе мұндай анықтаулар туралы хабардар болған жағдайда олардың тиісті төтенше шаралар қолдануына кедергі болмайды. Мұндай шараның кез келгенін қолданудың ұзақтығын негіздеу мақсатында олар мүмкіндігінше қысқа уақытта талдануы тиіс. Қабылданған шаралар туралы мүдделі уағдаласушы Тараптарға, Хатшыға және осы уағдаласушы Тарап мүше болып табылатын өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау және карантин жөніндегі ұйымға тез арада ақпарат берілгені жөн.

## **VIII БАП**

### **Халықаралық ынтымақтастық**

1. Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін мейлінше мүмкін дәрежеде бір-бірімен ынтымақтастықта болады және атап айтқанда:

а) Комиссия анықтай алатын рәсімдерге сәйкес өсімдіктер зиянкестері - зиянды организмдер туралы ақпарат, атап айтқанда тікелей немесе ықтимал қауіп төндіруі

мүмкін зиянды организмдер байқалуы, олардың жаппай көбеюі немесе таралуы туралы ақпарат алмасып, ынтымақтастықты жүзеге асырады;

б) нақты мүмкіндікке байланысты өсімдік шаруашылығының өнімі үшін елеулі қауіп төндіруге қабілетті зиянды организмдерге қарсы күресті мақсат еткен және төтенше жағдайларда халықаралық іс-әрекеттер жасауды қажет ететін арнайы на у қ а н д а р д ы ң б а р л ы ғы н а қ а т ы с а д ы ;

в) мүмкіндікке қарай фитосанитариялық тәуекелді талдау үшін қажетті техникалық және биологиялық ақпарат беру бөлігінде ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы осы Конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде ақпарат алмасу үшін байланыс пунктін анықтайды.

## **IX БАП**

### **Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі өңірлік ұйымдар**

1. Уағдаласушы Тараптар тиісті өңірлерде өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдар құруда бір-бірімен ынтымақтастықты жүзеге асыруға өздеріне міндеттеме алады.

2. Өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдар өздері іс-әрекет ететін өңірлерде үйлестіруші органдардың рөлін атқарып осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін әр түрлі іс-шараларға қатысуы тиіс және қажет болғанда ақпарат жинауы және таратуы тиіс.

3. Өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдар осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін Хатшыға көмек көрсетуі тиіс және мүмкіндігінше халықаралық стандарттар әзірлеуде Хатшы мен Комиссияға көмек көрсетуі тиіс.

4. Хатшы тұрақты өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдар өкілдерінің қатысуымен тұрақты Техникалық Консультациялар тағайындайды , о л а р д ы ң м а қ с а т т а р ы м ы н а л а р :

а) фитосанитариялық шаралар бойынша тиісті халықаралық стандарттар әзірлеуге және қ о л д а н у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

б) зиянды организмдерге қарсы күресте және олардың әкелінуі мен таралуын болдырмауда қолданылатын фитосанитариялық шаралардың үйлесімді болуын қамтамасыз ету үшін өңіраралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

## **X БАП**

### **Стандарттар**

1. Уағдаласушы Тараптар Комиссия қабылдаған рәсімдерге сәйкес халықаралық стандарттар әзірлеудегі ынтымақтастыққа келісім береді.

2. Халықаралық стандарттар Комиссияда бекітілген болуы тиіс.

3. Өңірлік стандарттар осы Конвенцияның принциптеріне сәйкес болуы тиіс; егер бұл стандарттардың кеңірек қолданылуы мүмкін болса оларды халықаралық стандарттар ретінде қарау үшін олар Комиссияға сақтауға берілуі мүмкін.

4. Уағдаласушы Тараптар халықаралық стандарттарды ескере отырып осы Конвенцияның шеңберінде іс-шаралар жүргізуі тиіс.

## **XI БАП**

### **Фитосанитариялық шаралар жөніндегі комиссия**

1. Уағдаласушы Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) шеңберінде Фитосанитариялық шаралар жөнінде комиссия құруға келісті.

2. Комиссияның функциялары осы Конвенцияның мақсаттарына толық жетуге ықпал ету болып табылады, және атап айтқанда Комиссия:

а) бүкіл әлемдегі өсімдіктер карантинінің және оларды қорғаудың жай-күйін және зиянкес организмдердің әлемнің жаңа елдеріне таралуының және қауіп төнген аймақтарға әкелінуінің алдын алу үшін шаралар қолданудың қажеттігін зерттеуге;

б) халықаралық стандарттар әзірлеуге және қабылдауға қажетті ұйымдастыру іс-шаралары мен рәсімдерін анықтауға және қайта қарауға, сондай-ақ халықаралық стандарттарды бекітуге;

в) XIII Бапқа сәйкес дауларды шешуге арналған ережелер мен рәсімдерді анықтауға;

г) Комиссияның функцияларын тиісінше атқару үшін қажетті оның көмекші органдарын құруға;

д) өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдарға қатысты негіз құраушы қағидаттарды қабылдауға;

е) осы Конвенцияның мәселелері бойынша басқа да тиісті халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

ж) осы Конвенцияны жүзеге асыру үшін қажетті ұсынымдарды қабылдауға;

з) осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін қажетті болуы мүмкін басқа да міндеттерді орындауға құқылы.

3. Комиссияға мүше болу барлық уағдаласушы Тараптар үшін ашық.

4. Комиссия сессияларында уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының бір өкілі болуы мүмкін, онымен бірге өкілдің орынбасары, сондай-ақ сарапшылар мен консультанттар да бола алады. Орынбасарлар, сарапшылар мен консультанттар Комиссияның отырыстарына қатыса алады, алайда өкілдің міндетін атқаруға уәкілетті орынбасардан басқалары дауыс беру құқығына ие болмайды.

5. Уағдаласушы Тараптар консенсус арқылы барлық мәселелер бойынша келісімге келуге бар күш-жігерін салуы тиіс. Егер консесусқа қол жеткізуге бағытталған

талпыныстардың ешқайсысы нәтиже бермесе, ең соңында, қатысып отырған және дауыс беруге қатысқан уағдаласушы Тараптардың үштен екі бөлігінің көпшілік дауысымен шешім қабылданады.

6. Уағдаласушы Тарап болып табылатын ФАО-ға мүше ұйым және сондай-ақ Уағдаласушы Тарап болып табылатын осы ұйымға мүше мемлекеттер ФАО-ның *mutatis mutandis*, Конституциясына және Жалпы Ережелеріне сәйкес өздерінің мүшелік құқықтарын қолданып және өздерінің мүшелік міндеттерін атқарады.

7. Комиссия, осы Конвенцияға және ФАО-ның Конституциясына сәйкес болуы тиіс өзінің Жарғысын қабылдай алады және қажет болғанда оған өзгерістер енгізе алады.

8. Комиссия Төрағасы жылына бір рет Комиссияның тұрақты сессияларын шақырып тұрады.

9. Комиссия мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігі талап етсе Комиссия Төрағасы Комиссияның арнайы сессияларын шақыра алады.

10. Комиссия Төрағаны және Төрағаның екеуден көп емес орынбасарының әрқайсысын екі жыл мерзімге сайлайды.

## **ХІІ БАП**

### **Хатшылық**

1. Комиссияның Хатшысын ФАО-ның Бас Директоры тағайындайды.

2. Хатшының жұмысына құрамы қажеттілігіне қарай анықталатын хатшылық персоналы көмектеседі.

3. Хатшы Комиссияның саясаты мен қызметін жүргізуге және Хатшыға осы Конвенция жүктеуі мүмкін басқа да функцияларды атқаруға жауап береді және бұл үшін Комиссия алдында есеп береді.

4. Хатшы:

а) халықаралық стандарттар қабылданған күннен бастап алпыс күн ішінде оларды барлық уағдаласушы Тараптарға;

б) уағдаласушы Тараптар берген әкелу пункттерінің тізімін VII Баптың 2 (в) тармағына сәйкес барлық келісуші тараптарға;

в) әкелуге тыйым салынған немесе VII Баптың 2 (ж) тармағында көрсетілген реттелетін зиянды организмдердің тізімін барлық уағдаласушы Тараптарға және өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдарға;

г) уағдаласушы Тараптардан алынған VII Баптың 2 (ж) тармағында белгіленген фитосанитариялық талаптар, шектеулер және тыйым салулар жөніндегі ақпаратты және IV Баптың 4-тармағында көрсетілген өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйымдардың сипаттамасын таратады.

5. Хатшы Комиссия отырыстарының және халықаралық стандарттардың құжаттарын ФАО-ның ресми тілдеріне аударуды қамтамасыз етеді.

6. Хатшы осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін өңірлік өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

## **XIII БАП**

### **Дауларды шешу**

1. Осы Конвенцияны түсіндіруде немесе қолдануда даулар пайда болған жағдайда немесе уағдаласушы Тараптардың кез келген біреуі басқа бір кез келген уағдаласушы Тараптың іс-әрекетін, әсіресе оның аумағынан келіп түсетін өсімдіктерді, өсімдік өнімдерін немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдарды импорттауға тыйым салу немесе шектеу үшін негіздемелерге қатысты оның міндеттеріне қарама-қайшы деп санаған жағдайда осы Конвенцияның V және VII Баптарына сәйкес бұл уағдаласушы Тараптар мүмкіндігінше қысқа мерзімде даулы мәселелерді шешу мақсатында консультациялар өткізуі тиіс.

2. Егер даулы мәселені 1-тармаққа сәйкес тәсілмен шешу мүмкін болмаса мүдделі уағдаласушы Тарап немесе уағдаласушы Тараптар Комиссия анықтайтын ережелер мен рәсімдерге сәйкес даулы мәселені қарау үшін сарапшылар комитетін құруды өтініп ФАО-ның Бас Директорына өтініш бере алады.

3. Комитетке мүдделі уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы тағайындаған өкілдер кіреді. Комитет мүдделі уағдаласушы Тараптар берген барлық құжаттарды және басқа да куәліктер нысандарын назарға алып даулы мәселені қарайды. Комитет шешім іздеу мақсатында даулы мәселенің техникалық тұрғылары бойынша хабар дайындайды. Хабарды дайындау және оны бекіту Комиссия анықтаған ережелер мен рәсімдерге сәйкес болуы тиіс және оны Бас Директор мүдделі келісуші тараптарға жолдауы тиіс. Сұрау салуға жауап ретіндегі хабар да сауда дауларын шешуге жауапты халықаралық ұйымның құзыретті органына жолдануы мүмкін.

4. Уағдаласушы тараптар мұндай комитеттің ұсынымдары міндетті сипатта болмаса да мүдделі келісуші тараптар даулы болып табылған мәселені қайта қараған кезде негіз бола алады деп келіседі.

5. Мүдделі уағдаласушы Тараптар сарапшылардың шығыстарын бірдей шамада өтеседі.

6. Осы Баптың ережелері сауда мәселелері бойынша басқа да халықаралық шарттарда көзделген даулы мәселелерді шешу рәсімдерін толықтырады, бірақ олардың маңызын азайтпайды.

## **XIV БАП**

### **Бұрынғы келісімдерді ауыстыру**

Осы Конвенция 1881 жылғы 3 қарашадағы *Phylloxera vastatrix* қарсы қолданылатын шаралар туралы Халықаралық конвенцияның, 1889 жылғы сәуірде Бернде қол

қойылған қосымша Конвенцияның және 1929 жылы сәуірде Римде қол қойылған Өсімдіктерді Қорғау жөніндегі Халықаралық Конвенцияның қолданылуын тоқтатады және уағдаласушы Тараптардың қарым-қатынастарында олардың орнын алмастырады.

## **XV БАП**

### **Аумақтық қолдану**

1. Кез келген уағдаласушы Тарап осы Конвенцияны ратификациялаған немесе оған қосылған кезде немесе одан кейін де кез келген сәтте осы Конвенцияның күші оның бүкіл аумағына немесе оның халықаралық қатынастары үшін өзі жауап беретін бір бөлігіне таралатыны туралы ФАО-ның Бас Директорына өтініш жолдай алады және өтінішті Бас Директор алғаннан кейін отызыншы күнінен бастап онда көрсетілген аумақта осы Конвенция қолданылатын болады.

2. ФАО-ның Бас Директорына өтініш берген кез келген уағдаласушы Тарап осы Баптың 1-тармағына сәйкес бұрынғы кез келген өтініштің қолданылу саласын өзгертетін немесе кез келген аумаққа қатысты осы Конвенцияның ережелерін қолдануды тоқтататын қосымша өтініш жібере алады. Мұндай өзгерту немесе қолданылуды тоқтату өтінішті Бас Директор алған күннен бастап отызыншы күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

3. ФАО-ның Бас Директоры келісуші тараптардың барлығын осы Бапқа сәйкес алынған кез келген өтініш туралы хабардар етеді.

## **XVI БАП**

### **Қосымша келісімдер**

1. Уағдаласушы Тараптар айрықша назар аударуды немесе іс-әрекет етуді талап ететін, өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі нақты проблемаларды шешу мақсатында қосымша келісімдер жасаса алады. Бұл келісімдер нақты өңірлерге, нақты зиянды организмдерге, нақты өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне, өсімдіктерді және өсімдік өнімдерін халықаралық тасымалдаудың нақты тәсілдеріне қолданылуы немесе өзге де тәсілмен осы Конвенцияның ережелерін толықтыруы мүмкін.

2. Осындай кез келген қосымша келісімдер әрбір мүдделі уағдаласушы Тарап үшін осы қосымша келісімдердің ережелеріне сәйкес олар қабылданғаннан кейін күшіне е н е д і .

3. Қосымша келісімдер әсіресе халықаралық саудада осы Конвенцияның мақсаттарына ықпал етуі тиіс және осы Конвенцияның принциптері мен ережелеріне сәйкес болуы, сондай-ақ транспаренттілік, кемсітушілікке және жасырын шектеулерге жол бермеу принциптеріне сәйкес болуы тиіс.

## **XVII БАП**

### **Ратификациялау және қосылу**

1. Осы Конвенция барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін 1952 жылғы 1 мамырға дейін ашық болады және мүмкіндігінше қысқа мерзімде ратификациялауға жатады. Ратификациялау грамоталары ФАО-ның Бас Директорына сақтауға беріледі, ол осы Конвенцияға қол қойған әрбір мемлекетке сақтауға беру күні туралы хабарлайды.

2. Осы Конвенция күшіне енген сәтінен бастап XII Бапқа сәйкес оған қол қоймаған мемлекеттер мен ФАО-ға мүше ұйымдар үшін ол ашық болады. Қосылу ФАО-ның Бас директорына қосылу туралы грамотаны сақтауға беру арқылы жүзеге асырылады, ол уағдаласушы Тараптардың барлығына хабар жолдайды.

3. ФАО-ға мүше ұйым осы Конвенцияның келісуші тарабы болғанда ФАО Конституциясы II Бабы 7-тармағының ережелеріне сәйкес бұл ұйым өзі қосылған сәтке дейін оның осы Конвенцияны қабылдау қажеттілігіне орай ФАО Конституциясы II Бабының 5-тармағына сәйкес берілетін оның құқық өкілдігі туралы декларация бойынша өзгерістер мен нақтылаулар туралы тиісінше хабардар етуі тиіс. Осы Конвенцияның кез келген уағдаласушы Тарабы кез келген уақытта бір мезгілде осы Конвенцияның уағдаласушы Тарабы болып табылатын ФАО-ға мүше ұйымға, мүше болып табылатын ұйым мен мүше болып табылатын мемлекеттер арасындағы қатынастарда мемлекеттердің қайсысы осы Конвенцияда айтылған кез келген жеке бір мәселені шешуге жауапты болатыны туралы ақпарат беруге сұрау салу жібере алады. Мұндай ақпаратты ол ұйым оңтайлы мерзімде беруі тиіс.

## **XVIII БАП**

### **Уағдаласушы болып табылмайтын тараптар**

Уағдаласушы Тараптар ФАО-ға мүше болып табылатын, бірақ осы Конвенцияға қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекетті немесе ұйымды осы Конвенцияны қабылдауға шақыратын болады және келісуші болып табылмайтын кез келген тарапты осы Конвенцияның ережелеріне және осы Конвенцияның шеңберінде қабылданатын кез келген халықаралық стандарттарға сәйкес фитосанитариялық шараларды қолдануға шақыратын болады.

## **XIX БАП**

### **Тілдер**

1. ФАО-ның барлық ресми тілдері осы Конвенцияның бірдей күші бар тілдері болып табылады.

2. Төменде 3-тармақта жазылғандарды қоспағанда, осы Конвенцияның ешбір ережесі уағдаласушы Тараптардан бір құжаттаманы немесе олардың көшірмелерін



уағдаласушы Тараптың тілі емес бір тілде (тілдерде) беруді талап ететін ереже ретінде  
т ү с і н д і р і л у і м ү м к і н е м е с .

3. Мынадай құжаттама ФАО-ның ең кемінде бір ресми тілінде болуы тиіс:

- а) IV Баптың 4-тармағына сәйкес берілетін ақпарат;
- б) VII Баптың 2 (б) тармағына сәйкес жолданған құжаттар жөніндегі библиографиялық деректері бар жолдама хаттар;
- в) VII Баптың 2 (ә), (в), (ж) және (з) тармағына сәйкес берілетін ақпарат;
- г) VIII Баптың 1 (а) тармағына сәйкес берілетін ақпарат бойынша библиографиялық деректер мен тиісті құжаттардың резюмесі көрсетілген жазбалар;
- д) байланыс пункттерінен келген ақпаратқа сұраулар салулар, сондай-ақ оларға қоса берілген қайсыбір құжаттардан басқа, осы сұрауларға қайтарылған жауаптар;
- е) уағдаласушы Тараптар Комиссияның отырысына берілген кез келген құжаттама.

## **XX БАП**

### **Техникалық көмек**

Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияны жүзеге асыруға ықпал ету мақсатында келісуші тараптарға және әсіресе дамушы уағдаласушы Тараптарға не екі жақты тәртіппен не тиісті халықаралық ұйымдар арқылы техникалық көмек көрсетуге ықпал етуге келіседі.

## **XXI БАП**

### **Түзетулер**

1. Қайсыбір келісуші тараптың осы Конвенцияға түзетулер енгізу туралы кез келген ұсынысы ФАО-ның Бас директорына жолданады.

2. ФАО-ның Бас директоры қайсыбір келісуші тараптан алған осы Конвенцияға түзетулер енгізу туралы кез келген ұсыныс Комиссияның кезекті немесе арнайы сессиясына қабылдау үшін берілуі тиіс және егер түзету маңызды техникалық өзгерістерге әкелсе немесе уағдаласушы Тараптарға қосымша міндеттемелер жүктейтін болса оны Комиссия сессиясына дейін ФАО шақыратын мамандардың консультативтік комитеті қарауы тиіс.

3. Осы Конвенцияға кез келген ұсынылатын түзетулер туралы хабарды, Қосымшаларға түзетулерді қоспағанда, ФАО-ның Бас Директоры осы мәселе қаралатын Комиссия сессиясының күн тәртібі туралы хабардан кешіктірмей уағдаласушы Тараптарға жолдайды.

4. Осы Конвенцияға ұсынылған кез келген түзетуді Комиссия бекітуі тиіс және келісуші тараптардың үштен екісі оны қабылдағаннан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді. Осы Баптың мақсаттары үшін ФАО-ның мүшесі болып табылатын ұйымның сақтауға берген құжаты осы ұйымның мүшесі болып табылатын мемлекеттер сақтауға

берген құжаттарға қосымша ретінде қаралмайтын болады.

5. Уағдаласушы Тараптар үшін жаңа міндеттемелерге себепкер болатын түзетулер әрбір келісуші тарап оны қабылдағаннан кейін ғана және қабылданғаннан кейін отызыншы күннен бастап келісуші тарапқа қатысты күшіне енеді. Жаңа міндеттемелерге себепкер болатын түзетулер ФАО-ның Бас директорына сақтауға беріледі, ол түзетулердің қабылдағаны және күшіне енгені туралы құжаттарды өзінің алғаны туралы уағдаласушы Тараптардың барлығын хабардар етуі тиіс.

6. Осы Конвенцияға Қосымшада берілген фитосанитариялық сертификаттардың үлгілеріне түзетулер енгізу туралы ұсыныстар Хатшыға жолданып, қабылдау үшін Комиссияда қаралуы тиіс. Осы Конвенцияға Қосымшада берілген фитосанитариялық сертификаттардың үлгілеріне қабылданған түзетулер ол туралы Хатшы жолдаған жазбаша хабарды уағдаласушы Тараптар алғаннан кейін тоқсан күннен кейін күшіне енеді.

7. Бұрын қолданыста болған фитосанитариялық сертификаттардың үлгілері осы Конвенцияға Қосымшада берілген фитосанитариялық сертификаттардың өзгертілген үлгілері күшіне енген сәттен бастап он екі айдан аспайтын уақыт ішінде осы Конвенцияның мақсаттары үшін заңды күшін сақтайды.

## **XXII БАП**

### **Күшіне енуі**

Осы Конвенцияға қол қойған үш мемлекет оны ратификациялағаннан кейін олар үшін Конвенция күшіне енеді. Ол ФАО-ға мүше болып табылатын, оны ратификацияланған немесе кейіннен оған қосылған әрбір мемлекет немесе ұйым үшін ратификациялау немесе қосылу туралы грамотаны сақтауға берген күннен бастап күшіне енеді.

## **XXIII БАП**

### **Күшін жою**

1. Кез келген уағдаласушы Тарап кез келген уақытта ФАО-ның Бас директорына жазбаша хабар жолдау арқылы осы Конвенцияның күшін жою туралы мәлімдеме жасай алады. ФАО-ның Бас директоры тез арада бұл туралы уағдаласушы Тараптардың барлығын хабардар етуі тиіс.

2. Күшін жою ФАО-ның Бас директоры жазбаша хабар алған күннен кейін бір жылдан кейін күшіне енеді.

Қосымша

## **Фитосанитариялық сертификаттың Үлгісі**

№ \_\_\_\_\_

Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйым \_\_\_\_\_

Кімге: \_\_\_\_\_

Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымға.

## I. Жүктің сипаттамасы

Экспорттаушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_

Мәлімденген алушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_

Орын саны және буып-түюдің сипаттамасы \_\_\_\_\_

Айрықша белгілер (таңбалау) \_\_\_\_\_

Шыққан жері \_\_\_\_\_

Мәлімденген тасымалдау тәсілі \_\_\_\_\_

Мәлімденген әкелу пункті \_\_\_\_\_

Өнімнің атауы және мәлімденген саны \_\_\_\_\_

Өсімдіктердің ботаникалық атауы \_\_\_\_\_

Осымен жоғарыда көрсетілген өсімдіктер, өсімдік өнімі немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдар тиісті ресми рәсімдерге сәйкес зерттелгендігі және/немесе талданғандығы және импорттаушы уағдаласушы Тарап санамалаған карантиндік зиянды организмдерден таза деп танылғандығы және реттелетін карантиндік зиянды организмдерге арналғандарын да қоса алғанда, импорттаушы уағдаласушы Тараптың қолданысындағы фитосанитариялық талаптарына сәйкестігі куәландырылады. Олар іс жүзінде басқа зиянкес организмдерден таза\*.

## II. Қосымша декларация III. Зарарсыздандыру

Күні \_\_\_\_\_ Өңдеу тәсілі \_\_\_\_\_ Химикат (қолданыстағы зат) \_\_\_\_\_

Экспозиция және температура \_\_\_\_\_

Концентрация \_\_\_\_\_

Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_

Берілген жері \_\_\_\_\_

(Ұйымның мөрі) Уәкілетті инспектордың тегі \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

( қ о л ы )

(Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымның атауы) осы сертификатқа қатысты немесе оның инспекторларының немесе өкілдерінің ешқайсысына ешқандай қаржылық міндеттемелер салынбайды.\*

\* Факультативтік пункт

Қосымша

## Кері экспортқа арналған Фитосанитариялық сертификаттың үлгісі

№ \_\_\_\_\_

Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйым \_\_\_\_\_

(кері экспорттың уағдаласушы Тараптары)

Кімге: \_\_\_\_\_

(импорттың уағдаласушы Тараптары)

Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйым(дар)ға.

### II. Жүктің сипаттамасы

Экспорттаушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_

Мәлімденген алушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_

Орын саны және буып-түюдің сипаттамасы \_\_\_\_\_

Айрықша белгілер (таңбалау) \_\_\_\_\_

Шыққан жері \_\_\_\_\_

Мәлімденген тасымалдау тәсілі \_\_\_\_\_

Мәлімденген әкелу пункті \_\_\_\_\_

Өнімнің атауы және мәлімденген саны \_\_\_\_\_

Өсімдіктердің ботаникалық атауы \_\_\_\_\_

Осымен жоғарыда көрсетілген өсімдіктер, өсімдік өнімі немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдар \_\_\_\_\_

(шыққан жерінің уағдаласушы тарабынан)

№ \_\_\_\_\* фитосанитариялық сертификат бойынша түпнұсқасы, \_\_\_\_\_

(кері экспорттың уағдаласушы тарабына)

импортталғандығы куәландырылады, осы сертификатқа қоса беріліп отырған түпнұсқаның расталған көшірмесі олар жаңа, бірегей контейнерлерге буып-түйілді, қайта буып-түйілді, фитосанитариялық сертификаттың түпнұсқасы және қосымша зерттеу негізінде импорттаушы уағдаласушы тараптың қолданысындағы фитосанитариялық талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі және \_\_\_\_\_ сақталған уақытта жүктің зиянкес организмдермен залалдану қаупі болған жоқ.

Тиісті квадраттарды белгілеңіз .

### II. Қосымша декларация III. Зарарсыздандыру

Күні \_\_\_\_\_ Өңдеу тәсілі \_\_\_\_\_ Химикат (қолданыстағы зат) \_\_\_\_\_

Экспозиция және температура \_\_\_\_\_

Концентрация \_\_\_\_\_

Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_

Берілген жері \_\_\_\_\_

(Ұйымның мөрі) Уәкілетті инспектордың тегі \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

(қолы)

---

(Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымның атауы)  
осы сертификатқа қатысты немесе оның инспекторларының немесе өкілдерінің  
ешқайсысына ешқандай қаржылық міндеттемелер салынбайды.\*\*

\*\*Факультативтік пункт

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК